Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру(таза ауада)** **Ұйымдастырылған іс әрекет** **Кіріспе** **Міндеті.**Бір қатармен сапта жүру, бағытты сақтап шеңбер бойымен жүгіру, саптан шығып кетпеуге үйрету.Залдың бір шетінен екінші шетіне бір қатарға тұрып саппен жүгіру дағдысын қалыптастыру **Жалпы дамытушы жаттығулар.** «Аяқтар». Аяқтарым қаз-қаз, бір, екі, үш! Жолда түзу қадам бас, бір, екі, үш! Шат көңілді боламыз, бір, екі, үш! Біз бақытты баламыз, бір, екі, үш! Ескерту: Саптар бір-біріне кедергі келтірмеу керек. **Негізгі қимылдар.** Кегельдердің арасымен жолда«ирелеңдеп» жүру, қолдарын екі жаққа созып жүру. Дене бітімін тік ұстап, табанымен арқанды басып жүруге назар аудару. Бір орында тұрып, екі аяқпен жоғары секіру.(жаппай 6 - 8 рет). Сәл отырып, жерден екпінді түрде итерілу және аяқтың жазылуы есебінен бір орында секіру керек екеніне назар аударады. **Қимылды ойын:** «Маған қарай жүгір» **Ойын шарты:**Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді	**Ұйымдастырылған іс әрекет** **Кіріспе** «Ағаш» сурет бойынша әңгіме. **Шаттық шеңбері** Асапан ашық,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.«Ағаш» сурет бойынша әңгіме.Ағаштың қасиетін атап,неге қолданылатыны туралы сұраққа жауап береді. **Ұйымдастыру кезеңі:** ағаштардың суреттерін көрсетіп,жапырақтарының түсін сұрау. Жемістер суреті арқылы топтарға бөлу.Жемістер мен көкөністердің қайда өсетіні туралы сурет арқылы әңгімелеу. -балалар ағашта нелер өседі? Ағаш бізге не үшін керек? Суретке қарап отырып әңгімелесіңдер. (суретте ағаштың басына ұя салған құс, жеміс ағаштары ағаштан жасалатын заттар) -Балалар қастарыңдағы досың екеуің бірігіп алдарыңдағы жемістер мен көкөністерді ажыратып жемістерді ағашқа , көкөністерді бақшаға апарыңдар. **Еркін ойын:** «Жапырақтарды жинайық» Шарты:Зтүсті жапырақтарды,түстеріне қарай ажыратып жинау. **(сенсорика)** **Қорытынды.** Кері байланыс беру. **Музыка** **(пән жетекшісінің жоспары бойынша)**	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Үй жиһаздары» **Ұйымдастыру кезеңі:** Балаларды шаттық шеңберіне шақырып, бірін-бірі құшақтау арқылы достықтарын білдіруді ұсыну. Ойыншық суреттері арқылы топтарға бөліну. **Күтпеген сәт** : Балалар бізге қонаққа Асан қуыршақ келіпті .Ол өзінің үйіндегі заттардың, мүліктердің атын білмейді екен. **(сойлеуді дамыту)** балалар сендер Асанға алдарыңдағы заттардың, үй мүліктерінің атауларын айтып бере қойыңдаршы. (үй жиһаздары ойыншықтары алдын ала таратылады) **Ойын:** «Үй жиһаздары» Шарты:Қима суреттерден жиһаздар құрастыру.**(құрастыру)** Балаларға сурет арқылы жиһаздың қайда тұратыны жайлы әңгімелеу.**(сойлеуді дамыту)** Қорытынды. Кері байланыс беру.	**Дене шынықтыру** **Ұйымдастырылған іс әрекет** **Кіріспе** **Міндеті** Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Кедергілерден «жыландай» иреленіп жүріп өтуге үйрету. **Жалпы дамыту жаттығуларын орындау.**Қатарға сапқа тұрып доптармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Шынтағын бүкпеуге, еңкейгенде тізесін бүкпеуге назар аудартады. **Негізгі қимылдар.**Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру – бүтілген шынтақтарын жылдам жазып қолды созу, допты лақтырғанда бағытына дұрыс траектория беру. Берілген белгі бойынша орындалатын жаттығудың реті – сапқа тұру, алғашқы қалыпты сақтау, допты лақтыру, доптыңсоңынан жүгіру, қатардың қасына келіп тұру. **Қимылды ойын: «Доп»** **Шарты:**Тәрбиеші ойынды бір баламен ойнаудан бастайды. Қолын оның басына қойып, доп сияқты секіруді ұсынады. Бала қос аяқтап секіреді, ал тәрбиеші мынадай өлең айтады: Секең, секең секеңдеп, Қайда зырлап кетпес доп. Төмен, төмен, төмендеп, Жерге жетер-жетпес боп. Доп болып осылай секіргісі келетіндер міндетті түрде табылады. Тәрбиеші әркайсысымен кезекпен ойнайды. **Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Дене шынықтыру** **Ұйымдастырылған іс әрекет** **Кіріспе** **Міндеті** Бір қатармен сапта жүру, бір қатармен жүгіру. Ойын-жаттығуы: Музыка мен қимылдың үйлесімділігене назар аударуды үйрету. **Жүру жаттығулары.** «Музыкалы жұмбақтар» – ормандағы көңжықтың достарының қимылдарын көрсету. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** 2 қатарға тұрып, текшелермен жалпы дамыту жаттығуларын жасау – қолдың шынтағын бүкпей созып ұстау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде жасау. Ирек жолмен жүру **Негізгі қимылдар.** Таспамен жасалған жолмен жүріп өту – текшелерді көңжықтың себетіне жинау.Тепе-теңдікті сақтауға, дене бітімін тік ұстауға, текшелерді созылған қолмен екі жақта ұстауға назар аудару. Доға астынан еңбектеу (биіктігі – 40см). Ойын жаттығуы: «Көңжықтай еңбектеп өт» – рет-ретімен үш доғаның астынан еңбектеп өту, қатардағы өз орнына келіп тұру. **Қимыл-қозғалыс ойыны:«Қақпаға түсір»Шарты:**Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады да ойнағысы келген немесе ойынға тартылған балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Балаларға бір-бір доп таратып бергеннен кейін, тәрбиеші оларға допты қақпадан өткізуді ұсынады. бала допты домалатып. қуып келеді де сызыққа жеткеннен кейін кері оралады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Ойнаушы топтардың ауысуына болады; 2-3 рет ойнаған балаға

	ұсынады. Балалар өздері жүріп келген жерде еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиені бұлан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар тобымен өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады). **Ұйымдастырылған іс әрекет «Күзгі табиғат құбылыстары» Шаттық шеңбері.** Үлкентеде сіз Кішіге де сіз, Бершаныза күрметпен, Бас иеміз біз. балалар , қазір мына дыбыстарды естіп, неғіп дыбысы екенін айтыңдаршы. (Найзағай, жаңбыр , желдің дыбыстарын тыңдату) **(көрнекілік құралдарын пайдалану)** Кемпірқосақ туралы балаларға түсіндіруге суретін салу.**(сурет салу)** Еркін ойын . «Бауда ма бақшада ма?» **Кері байланыс ұсыну: мақтау,мадақтау арқылы**			«Жеміс-жидық» Арайлап таң атты, Алтын сәуле тарады, Шашын бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ таңын, Қуанышым,шаттығым Қайырлы таң! Қайырлы күн -Балалар алмалар,жемістер қайда өседі? Суреттен жұмыс. Балалардың жауаптарын тыңдау.Жемістердің пайдасы туралы әңгімелеу.**(сөйлеуді дамыту** Алманың суретін салу. **(сурет салу)** Өлеңді ойын беру,қайталату. -Мен шиемін ,шиемін Күннің көзін сүйемін Қышқыл шырын менде бар Басымды төмен иемін!**(көркем әдебиет)** балалар өлеңде айтылған шие жеміс па?,көкөніс пе? -Жемістердің қандай пайдасы бар? Сергіту сәтін өткізу. **Қорытындылау**	тәрбиешінің ең дем алуды, басқалардың қалай өткізетінін көруді ұсынады. **Ұйымдастырылған іс-әрекет Құрылымдалған ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты:** суреттер арқылы жыл мезгілдерін ажырату. **Ұйымдастыру кезеңі:** балалар сендер балабақшаға немен келдіңдер? -Сендерді кім әкелді? -Жұрағаң жоқсыңдар ма? -Сендер қандай киімдер киіп келдіңдер? Балалардың жауаптарын тыңдау.Қыс мезгілі туралы сурет арқылы әңгімелеу **Нұсқау беру:** балалар бүгін дала қандай болып тұр? -Суретке қарап қыста не істейтініміз туралы айтып беріңдерші.**(сөйлеуді дамыту)** **Еркін ойын:** «Жұбын тап» **Кері байланыс ұсыну: мақтау,мадақтау арқылы.**
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	**№15** **Бақылау:** **Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.** **Міндеті:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деген ерекшеліктің түсіндіру. **Еңбек: Біздің ойын алаңы** **Міндеті:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. **Еңбексүйгіштікке баулу.** Жеке жұмыс: Жел тынымсыз түлеп, Болып кетті тым бұзық Шұлдайды тал терек, Жапырағын жұлғылық.	**№6** **Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.** **Міндеті:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. **Еңбек**: «Біздің ойыншықтар». **Міндеті:** Ойыншықтарын ұқыпқа таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. **Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайдан барады». **Міндеті:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын	**№7** **Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Міндеті:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Міндеті:** Ауланы сыпырғышпен көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».** **Міндеті:** Үй дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты	№ 1 **Қар үстіндегі іздерді бақылау.** **Міндеті:** балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көніл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді? **Көркем сөз:** Ақ киімді денем, ақ сақалды, Сөкыр, мылқау танымас тірі	**№ 10** **Ағаштарды бақылау** **Міндеті:** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айтуға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу **Сұрақтар:** 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?

	Міндеті: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. **Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Қимылдық ойын: «Допты ұста»** **Ойын шарты:** Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға онымен ойнауды ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып: «Ұста» - дейді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту)**	молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. **Қимылдық ойын: «Жүзік салу»** **Міндеті:** Зейін қойып тыңдауға үйрету. **Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон». **Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту,музыка)**	мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Қимылдық ойын: «Доп»** Тәрбиеші ойынды бір баламен ойнаудан бастайды. Қолын оның басына қойып, доп сияқты секіруді ұсынады. Бала қос аяқтап секіреді, ал тәрбиеші мынадай өлең айтады: Секең, секең секеңдеп, Қайда зырлап кетпес доп. Төмен, төмен, төмендеп, Жерге жетер-жетпес боп. Доп болып осылай секіргісі келетіндер міндетті түрде табылады. Тәрбиеші әрқайсысымен кезекпен ойнайды **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сойлеу. дамыту)**	жанды. Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. **Еңбек**: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. **Міндеті**: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын**: «Ақ қоян» **Міндеті**: балаларды ептілікке баулу. **Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сөйлеу. дамыту)**	2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? **Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынып жатыр» Ойын шарты:** Ойнаушылар біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ боп тойға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағын жуды – түртінді, Күп-құрғақ боп сүртінді. Қоян текстке байланысты қимылдардың бәрін жасайды – тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Бұдан кейін ол қос аяқтап секіреді, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол баланың орнын басады, ойын қайталанады. 5-6 қоян ауысқаннан кейін ойын аяқталады. Негізгі қимыл – лақтыру (лақтыру, ұстау). **Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **Міндеті:** қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға. **(қоршаған ортамен таныстыру, денешын.сойлеу. дамыту)**
Серуеннен оралу	«Біз ұқыпты баламыз» Киімдерін бүктеуге үйретуді бастау.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп аталмайды ол бала.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Балалардың реттілікпен шешінуі
Түскі ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка **(музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	«Әлди, әлди» бесік жырын тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№11 **1. Ояну** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық -« Самал жел» - шалқадан жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққан бейнені көрсету -«Желдің желпуі» - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. -«Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. **2. Гимнастикалық жолдан жүру** Сәби шақтан бастап біз, шынығуды сүйеміз. Ұйқымыздан тұрған соң, жалаңаяқ жүреміз. Қыста, жазда әрдайым, шынығамыз кашпаймыз Шынықтырып денені мықты болып өсеміз. Бұдірлі тақтай үстімен жүру. **3. Тыныс алу жаттығулары** Шарларды мен сүйемін Онымен ойнап жүремін Қызыл, жасыл шарларды Үрлеуді мен білемін. «Шар үрлеу» **4. Жуыну жолдары** Су – тіршілік негізі Онсыз өмір сүрмейсің Гигиена негізі Су деп және білгейсің **Тамағымызды тұзды сумен шаю.**				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **(көркем әдебиет)**	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көліктер әні". **міндеттері**: Балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоцияланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **(музыка)**	**Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".** **міндеттері:** Балаларды педагогтің соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар,	**"Жүк көлігі не әкелді? ойыны.** **міндеттері:** Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен әртүрлі заттарды әкеледі, бала оны атайды, түсі мен пішінін атап, онымен ойнау үшін өзінің қолына алады. Бұл нең дыбысы?	**"Жүргізуші әрекетін бақылау".** **міндеттері:** Балаларға көлік туралы жалпы түсінік беріп, жүк көлігі машинасымен таныстыру, жүк машинасының негізгі бөліктерін атай білуге үйрету, жүк машинасының пайдасы туралы түсінік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	**"Паровоз".** **міндеттері:** Балаларды Қ. Мырза Әлидің"Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыра отырып, ойын барысында паровоз көлігінің дыбысы, негізгі қимыл қасиеттері жөнінде түсінік беру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. **(көркем әдебиет)**

		(саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). **(сенсорика)**	Бұл кенің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер үшін бар сыйлықтар! - Балалар, жүк көлігі не әкелді? **(сенсорика)** **(сөйлеуді дамыту)**		
Балалармен жеке жұмыс	Сағымбай Іңкір мен Рахымжан Әмірхан мен қарындашпен, қағазбен жұмыс істеуге,дұрыс ұстауға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	Қайрат Айзере,Тайгужина Сағынышпен үлгі мен создік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларын қалыптастыру)**	Алвадин Бекзатпен, Казмагамбет Таирмен көлік құралдарын айтуға, жемістермен көкөністердің атын айтуға үйрету.**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Амангелді Абдурахим ,Казмагамбет Кобланды мен ересектермен бірге негізгі қимылдарды қайталауға үйрету.**(Физикалық қасиеттерін қалыптастыру)**	Қоныс Аруназбен ,Иманова Диляра мен қарындашпен, қағазбен жұмыс істеуге,дұрыс ұстауға үйрету.**(Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	№15	№ 16	№ 7	№ 1	№10
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.	Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық» Бөрлежай-балабақшасы

меңгерушісі Т.Сансызбаев

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметінің циклограммасы

Желтоқсан айы

Тәрбиеші: Каюмова. С

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Балапан» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2 – 6 желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл – күймен қарсы алу.	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алу.	Смайликпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Балаларды жақсы көңіл – күймен қарсы алу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен жұмыс:** Баланың көңіл күйін сұрау	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын танертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру
Балалардың дербес іс- әрекеті (ағ қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	**«Көңілді пішіндер»** **Міндеті:** Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру. **(танымдық дағдысы, коммуникативтік дағдысы) сенсорика, сөйлеуді дамыту**	**Үстел үсті ойындары:«Домино»** **«мозайка», «пазл».** **Міндеті:** Қарапайым құрылысты үлгі бойынша,ересектің көмегімен,өзбетінше құрастыру. **(танымдық дағдысы) құрастыру**	**Сиқырлы қорапша» Міндеті:** Ойыншықтарды қарау және зерттеу,ажыратып олардың түсін,пішінін, бөлшектерін атау, заттарды топтастырабілуін жетілдіру **сенсорика, танымдық дағдылар**	**«Тобымыздың гүлдері» Міндеті:** еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа ілін қоюды үйрету. **(физикалық қасиеттері, әлеуметтік дағдысы)қоршаған ортамен таныстыру**	**Үстел үсті ойыны «Құрылысшылар» Міндеті:** Қарапайым құрылысты үлгі бойынша,ересектің көмегімен құрастыру. **(танымдық дағдысы) құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	**№1** Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Сиқырлы дөңгелектер"** **Міндеті:** Дөңгелек және толқынтәрізді сызықтарды бейнелеу. **(Танымдық дағдысы, Коммуникативтік дағдысы, Шығармашылық дағдысы) сенсорика, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу**	**«Түрлі түсті сызықтар» Міндеті:**Дөңгелек сызықтарды бейнелеу. **(шығармашылық дағдысы) сурет салу**	**«Үйшік»** **Міндеті:** Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. **(Коммуникативтік дағдысы) көркем әдебиет**	**Саусақ жаттығуы.** **Мақсат-міндеттері:**Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде. Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі.	**«Сыпырын тап» Міндеті:** Түрлі өлшемдегі геометриялық фигуралардың негізгі түсі,бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(Танымдық жәнезияткерлікдағдыларды дамыту) Сенсорика**

				Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі-берлі қозғалды, Тырысылдатты жан-жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. **(сөйлеуді дамыту)**	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (таза ауада)**	**Музыка**		**Дене шынықтыру**	**Дене шынықтыру**
	Ұйымдастырылған іс-әрекет **Тақырыбы:** Көңілді жұлдызкүртка конаққа барамыз (таза ауада) **Міндеттері:** Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затка дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, едеиде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. **Кіріспе** Балалар, біз бүгін кімге қонаққа баратынымызды табыңдаршы. Көп болса да аяғы, Тек жорғалап жүреді. Денесі жасыл буылтық, Жапырақ оның көрегі. (Жұлдызкүрт) **II. Негізгі кезең.** **ЖДЖ: «Көбелектер»:** 1.«Көбелектер ұшады» –б.к., аяқтар сәл алшақ қойылған, қолдар төменде. Қолды екі жаққа созып, құлашын сермейді, төмен түсіреді. 5 рет қайталайды. 2. «Көбелектер су ішеді»– б.к.,алдыңғыдай. Еңкейеді, қолын	**Музыка** **(пән жетекшісінің жоспары бойынша)** **Ұйымдастырылған іс-әрекет** **Тақырыбы:** «Киімдер» **Міндеті:** Киімдермен таныстыру,киімдерді күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік,танымдық,шығармашылық ,коммуникативтік дағдыларды дамыту.** Видио арқылы мультимедиадан киімдер көрсету, атауларын сұрау. Мынау қандай киім, қалай аталады? Түсі қандай, неден тігілген? Осындай киімнің түрлерін көріп танысу үшін «Киім дүкеніне» саяхатқа барайық. Ол үшін жылы киінуіміз қажет, қимыл - қозғалыспен көрсетеді.**(қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)** Балалар біз дүкенге келдік мынау киім сататын дүкен, сөрелерде түрлі киімдер тұр сендерге таныстырайын: мынау қыздарға арналған көйлек, мынау белдемше, мынау жиде, мынау қолы қысқа жиде, мынау күрте, мынау тон, мынау шалбар, мынау бас киім, мынау етік, бәтеңке т. б Балалар мынау кім?	**Ұйымдастырылған іс-әрекет** **Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі **Міндеті:** Ертегі, әлеміне қызығушылығын қалыптастыру.Ертегі сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту. Ертегілер әлемен топқа кіру.**Музыка,шығармашылық дағдылар** Балалар менде хат бар,бұл хатта егер суретті құрастырсаңдар сурет шығады делінген.Кәне құрастырып көрейікші қандай сурет шығады екен бауырсақ суреті(**(Құрастыру , шығармашылық дағдылар)** Балалар бүгін сендермен бауырсақ ертегісімен танысамыз. Ертегіні қуыршақ теарты арқылы көрсету, және дауыс ырғағына келтіріп айтып беру.**(Көркем әдебиет,коммуникативтік дағдылар)** Айтыңдаршы, балалар, бауырсақтың пішіні қандай? Бауырсақтың түсі қандай?	**Ұйымдастырылған іс-әрекет** **Тақырыбы: Сылдырмақтар қайда?** **Міндеттері:** Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және ынғайтуға арналған жаттығулар. **Кіріспе** – Балалар, бүгінгі жаттығулардың барлығы сылдырмақтармен жасалады. Бірақ алдыменоларды тауып алу керек. Залдың ішінен іздеңдер. Әрқайсысың екі сылдырмақ тауып алуларың керек. **Сылдырмақпен ЖДЖ жасау** «Сылдырмақтар қайда?» Балаларға еденге отырып, аяқтарын жинау ұсынылады, нұсқаушы көзін жапқанда балалар қолдарын созып сылдырмақтарды сылдырлатады. Нұсқаушы сылдырмақтар қайда сыңғырлағанын сұраганда, олар сылдырмақтарды шапшаң арттарына жасырып, бос қолдарын көрсетеді. (4-5 рет қайталайды). 2. «Сылдырмақтар сылдырлайды!». Шалқасынан жатып сылдырмақты сылдырлатады, етпетінен аунап түсіп сылдырмақтарды сылдырлатады. Кезектеп аунайды. (4–6 рет қайталайды). 3. «Аяқтар мен сылдырмақтар».	**Ұйымдастырылған іс-әрекет** **Тақырыбы:** Менің көңілді добым **Міндеттері:** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қаркынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. **Кіріспе** Түрлі түсті доптар салынған себетке назар аудартады. «Менің көңілді добым» атты тақпақты оқып береді, тақпақты оқығанда мәтін сөздерін доптың қимылымен көрсетеді. Тізбекте бір-бірден жүру, жүгіру, қолға арналған тапсырмамен жүру. Арақашықтықтың сақталуына, нұсқаулардың орындалуына назар аударады. **II.Негізгі кезең.** Бір қатармен сапта жүру, жүгіру, жүргенде қолға арналған жаттығулар жасалады. Балалар арасындағы қашықтыққа, командалардың орындалуына көңіл аударады **Шеңбер бойымен тұрып доппен орындалатын ЖДЖ.** **Негізгі қимылдарды орындау:** 1. **Допты қақпа арқылы домалату**

	артқа апарады, түзеледі.. 4 рет қайталайды. 3. «Көбелектер отырды» –б.қ., алдыңғыдай. Отырады, қолды тізенің үстіне қояды, түзеледі.. 5 рет қайталайды. 4. «Көбелектер аланқайға ұшып кетті»– б.қ., аяқтары бірге, қолдары дене бітімінің бойында. Бір орында секіру, қолды құлаштап сермеу. **Қимылдың негізгі түрлері:** «Жұлдызқұрт» ойынын ойнайық. 1.«Жұлдызқұртты секіріп өт». 2. Доға астынан өт. 3. «Жұлдызқұртты аттап өт» (Жұлдызқұрт балаларға кедергі жасап сәкіде жатады). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұлдызқұрт»** Балаларға ойын ойнауды ұсынады. Ойын ережесін түсіндіреді. Балалар бірінің артынан бірі «жұлдызқұрт» болып тізбектеліп тұрады Бірінші ойыншы «басы», соңғысы – құйрығы. Музыка ырғағымен жұлдызқұрт алға қарай жорғалайды, басы әртүрлі би қимылдарын көрсетеді (қолымен, денесімен, аяғымен, басымен), басқалары бұл қимылдарды қайталауға тырысады. «Бас» шаршаған кезде, артында тұрған келесі ойыншыға бұрылып, оның басынан сипайды, ал өзі тізбектің соңына барып тұрады **III. Қорытынды кезең (рефлексия)** – Балалар, біз бүгін қайда бардық? Кімді көрдік? Жұлдызқұрт бізбен қандай ойын ойнады? Дұрыс айтасыңдар, балалар, ал енді үйге қайтатын уақыт болды.	Дүкеншіге амандасайықшы Дүкенші апайдан киімдер сатып алайық, мына күрте қанша тұрады, маған беріңізші? Ал енді барлығымыз қызықты ойын ойнайық **Қимылды ойын:** «Кімнің киімі?, қ/о «Кім жылдам?» **Мақсаты:** балаларға өздерінің киімдерінің түр, түсін тануға және оларды тез арада киюге дағдыландыру.**(өркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу)** Бірінші топ ермексазбен екінші мақтамен жұмыс.**(жапсыру,мүсіндеу)** Киімнің көк және қызыл түсті түймелерін табу,пішінін атау.**(сенсорика)** Көйлекті боя **Сурет салу әрекеті**	Үлкен және кішкентай бауырсақты салыстыру,пішінін түсін атау. **(Сенсорика,сойлеуді дамыту,коммуникативтік дағдылар,танымдық дағдылар)** Қазір сендермен топ болып жұмыс жасаймыз, Бірінші топ ермексаздан бауырсақты мүсіндейміз. Екінші топ бауырсақты жапсырамыз Үшінші топ бауырсақтың суретін бояймыз **(Жапсыру,мүсіндеу,** **сурет салу,шығармашылық дағдылар**) Видео қосу Аңдар биі Балалармен билеу (Дене шынықтыру,физикалық қасиеттер) Бауырсақ не істеді?Бауырсақтың қашып кеткені дұрыс болды ма?Қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы әңгіме.**Қоршаған ортамен танысу,әлеуметтік дағдылар**	Б.қ. – аяқтарын алшақ қойып, созып, еденге отырады, сылдырмақтарды алдына қояды, қолдарын артына қойып еденді тірейді, аяқтарын бүгеді, аяғының ұшын сылдырмақтың қасына қояды. (4–6 рет қайталайды). 4. «Сылдырмақпен билейік». Екі аяқпен секіреді және сылдырмақты сылдырлатады. (4-6 рет қайталау). Негізгі қимыл түрлері: 1.«Сылдырмақты қағып кетпе». Тепе-теңдікке арналған жаттығу – еденге қойылған тақтайша үстімен жүру. 2.Сылдырмақтарды жол бойына сызылған текшелер ішіне қойындар және бір-бірінің соңынан бір қатарға тұрыңдар. (Төрбиешінің соңынан жүру, қайталаған кезде сылдырмақтар арасынан имектелген жолмен жүру. (2-3 рет қайталау) 3. «Велосипед тебу». Велосипедке оз бетінше отырады, аяқтарын педальға қояды және айналдырады, жылдамдықты 4-5 есе күшейтеді. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Менің көңілді добым». **III.Қорытынды кезең (рефлексия).** **Саусақ гимнастикасы: «Жасырынбақ»** Саусақтар ойнайды жасырынбақ, Бастарын олар жасырды, Міне, былай, міне, былай, Бастарын олар жасырды. **Ұйымдастырылған іс-әрекет Тақырыбы:** « Түлкі жабайы аң.» **Міндеттері**: Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Шаттық шеңберін жасау.	(ені – 50 см) 1,5 метр қашықтықтан, допты қақпаның тура ортасынан домалату, домалатқаннан кейін қақпадан өту. Мәредегі сызықтан 1,5 метр қашықтыкка үш қақпа орналастырады. **2.Кедергілер арасынан «жыландай» жорғалап өту** (бір-бірінен 1,5 метр қашықтыкта орналаскан 4 модуль арқылы өту). Залдың қарсы жағына кедергілерді «жыландай» айналып енбектеп өту **Қимыл-қозғалыс ойыны:«*Үш аю*».** Аюлардың қимыл-қозғалыстарының ерекшеліктеріне назар аудартады **Қортындылау** **Ұйымдастырылған іс-әрекет Тақырыбы: «Аю»** **МіндеттеріЖ**ануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Аю жайлы видеоролик көрсету.(қоршаған ортамен танысу) Аюдың үлкенімен кішісін салыстыру Түстеріне қарай ажырат ойыны Үлкен кіші ойыны. **(сенсорика)** Аю, аю түршы Беті қолын жушы Айнаға қарашы Шашынды тарашы.**(көркем әдебиет)** **Дидактикалық ойын:«Не қайда тұрады?»** **Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту **Керекті құрал-жабдықтар**:

	Ұйымдастырылған іс-әрекет **Кіріспе** **Тақырыбы:** «Менің отбасым» **Міндеті:** Отбасы туралы түсінік беру, Әр балаға өз отбасын қадірлеуге, сыйлауға үйрету.Есте сақтау, қору, ойлау, сөйлеу, танымдық процестерін, қиалын, қызығушылығын дамыту, зейінін шоғырландыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Танымдық,әлеуметтік,коммуникативті қ,шығармашылық,физикалық дағдыларды дамыту **Шаттық шеңбері**: Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Кереғелер керіліп, Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй болып көрінер.**(көркем әдебиет)** Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз. Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсыңдар? - Иә, балалар, барлық үйдің отбасы болады олар бір бірімен тату тәтті тұрады. Үнтаспадан « жарығым», ботам, құлыным, күнім, деген сияқты жылы сөздер тыңдатылады. -Балалар , қалай ойлайсыңдар, осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? -Иә, балалар сендерге жылы сөздерді аталарың, аналарың, әке, әжелерің айтады екен. -Ал , осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? -Онда бүгінгі жиынымызда біз кімдер туралы әңгіме қозғайды			(слайдтан көрсету арқылы түсіндіру.) Ол – өзінен кіші ан – құстармен қоректенеді. Өте қу, айлакер ан. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. Сонымен қоса өте ақылды ан. Ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман - есен құтыла алады.**(қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)** Орыс халық ертегісі «Айлакер түлкі» Ертегі жануарлар туралы. Жануарлар орманда тұрады, орманда тіршілік етеді. Сондықтан оларды андар дейміз. (Ертегіні мазмұндап беру) **Сұрақ жауап:** Ертегі сендерге ұнады ма? **(көркем әдебиет)** Түлкінің суретін бояу.**(сурет салу)** Түлкінің түссіз бейнесіне горох себу арқылы түсін шығару.**(жапсыру)** **Кері байланыс ұсыну: сұрақ-жауап арқылы.**	Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері **Шарты:** Балаларға иттің, қоянның, қойдың,торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы , әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға) **Кері байланыс ұсыну: мақтау,мадақтау.**

	екенбіз?(**музыка ,сөйлеуді дамыту)** **Дидактикалық ойын: «Күн мен бұлт»** **Шарты:** сендердің араларында бұлт жатыр. Мен сендерге әр түрлі жағдаятты айтамын. Олар әр отбасында болатын жағдай егер бұл жағдай әр отбасына бақыт сыйласа күнді көрсетіңдер, егер жаман қылық көңіл қалдыратын болса бұлтты көрсетесіңдер - Сендер аналарына көмекетесесіңдерме? - Серуенде күртешелеріңді былғайсыңдарма? - Ойыншықты жинайсыңдарма? - Достарыңды реңжітесіңдерме? - Әжелеріне камқор боласыңдарма? - Аталарыңды туған күніңмен құттықтайсыңдарма? **(сөйлеуді дамыту)** - Балалар, бізде балабақшада бір отбасымыз. Мен сендерге «Отбасы ағашын» алып келдім. Осы ағашқа әркайсымыз өз суретімізді іліп, үлкен отбасын жасайық.**(жапсыру)** Дәстүрден тыс сурет салу Балабақшадағы тобымыз бір отбасы **Сурет салу іс -әрекеті** **Дидактикалық ойын«Анамызға көмектесеміз»** Міндеті: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) салыстырады **(сенсорика)**				

	Дидактикалық ойын: «Әжеме арналған орамал» **Мақсаты:** Ою -өрнектерді жазықтыққа орналастырып құастырады.**құрастыру әрекеті**				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Ретімен киіну (**ауа-райына байланысты**)дұрыс киіне білулерін бақылау (**сойлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моторикаңы дамыту**)				
Серуен	**Желтоқсан** **№4 Қырауды бақылау** **Мақсаты:** балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын:** «Суықкойлар» **Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір бірінс кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы)	**Желтоқсан** **№ 8 Желді бақылау** **Міндеті:**: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай білін, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен - қағаздын ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. 2. Қыста жел қандай болады? Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. **Қимылды ойын: «Өткеншек»** **Мақсаты:** алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. **Еңбек:** алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.Мақсаты: суды қатырып, мұз калпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. **Жеке жұмыс**: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру.	**Желтоқсан** **№6 Қайың ағашын бақылау** **Мақсаты:** қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. **Тапсырма:** ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. **Көркем сөз** Ағаштар түр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кең сәлемі. **Еңбек**: қайың ағашының түбіне қар жинау. **Мақсаты**: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. **Қимылды ойын**: «Біз көңілді балақмыз» **Жеке жұмыс:** «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жанын рахат табады. Ағаш	Желтоқсан **№ 9 Аула сыпырушы еңбегімен танысу** **Мақсаты**: аула сыпырушының кыс кезіндегіеңбег, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Тапсырма «**Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңлдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынамкиіп қолғапт, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. **Еңбек**: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. **Мақсаты:** ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. **Қимылды ойын:** «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.) **Жеке жұмыс**: «Кім алыска секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.	**Желтоқсан** **№ 14 Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.** **Мақсаты:** Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйткыған боран мен бұркасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді. **Көркем сөз:** Қыстың кенже баласы ақпанбысын, Аспан астын ораған ақ ьқармысын. Алай-түлей боранын, язында, Оппағым-ау аз –аздан шақтармысын?! **Қимылды ойын:** «Үшінші артық» **Мақсаты:**Шапшандыққа баулу. **Еңбек:**Ауланы қардан тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.

					Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу. **Жаңылпаштар:** Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ.... Қыс қыспаса, қыс па? Күс ұшпаса, құс па?
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. **(көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды – аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту,кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) **(дене белсенділігі)**				
	КАРТОТЕКА № 1	*КАРТОТЕКА № 1*	*КАРТОТЕКА № 1*	*КАРТОТЕКА № 1*	*КАРТОТЕКА № 1*
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Еркін сурет салу іс-әрекеті** **Міндеті:** қолдың ұсақ мотрикасын дамыту үшін, карандашты пайдалана отырып кескін жасай біледі. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады. **(сурет салу-шығармашылық дағдысы)**	Халық әндерін тыңдату **(көркем әдебиет)** Қуыршаққа арналған әшекей бұйымдарын жасауды үйрету **(мүсіндеу)**	**«Қуыршаққа дастархан жасау» ойыны** **Міндеті:** нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды **Шарты:** әр топ дөңгелек картонға дастархан жасайды, орналасу тәртібін түсіндіреді (берілген ресурстарымен) **(Әлеуметтік дағдысы) қорш.орта**	Түрлі түсті шарларды бояу **(Сурет салу)** Қуыршаққа арналған әшекей бұйымдарын жасау дағдысын дамыту **(Мүсіндеу)**	**«Біздің топ»** **Міндеті:** балаларды ұжымдық жұмысты орындай білуге үйрету,ұзын-қысқа,түзу жолақшаларды жырту. **(шығармашылық дағдысы) жапсыру**
Балалармен жеке жұмыс	**Төреғали Әлиұрмен жеке жұмыс** көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруға үйрету.**(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Баймұрат Хадиямен жеке жұмыс** қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту,бүктеу) үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс әрекетінің дамуы)**	**Ұзақбай Абубакірмен жеке жұмыс** Бетін, қолдарын өз бетінше жууға үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Байденов Бейбарыспен жеке жұмыс** қарапайым сөз тіркестерін айтуға үйрету. **(Коммуникативтік дағдылары)**	**Айдарбек Мәриямен жеке жұмыс** есімін атағанда жауап беруге үйрету **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Серуенге	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты)**,дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу**				

дайындық	дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Өзінің сырткы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Серуен	Желтоқсан **№4 Қырауды бақылау**	Желтоқсан **№ 8 Желді бақылау**	Желтоқсан **№6 Қайың ағашын бақылау**	Желтоқсан **№ 9 Аула сыпырушы еңбегімен танысу**	Желтоқсан **№ 14 Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**
Балалардың үйге қайтуы	Пайдалы тағамдар туралы үйде әңгімелеу	Ата – аналармен балаларды жыл мезіліне сай киіндіру керектігін айтып әңгімелесу.	Ата- аналарға балалардың тазалығын тексеріп қадағалауды ескерту	Балалардың өздіктерінен киіне алу дағдыларын қалыптастыру үшін үйде де өздері киінулері туралы ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу"

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Балапан» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 9 – 13 желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Әңгімелесу** «Үлкендермен әңгімелесуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту қоршаған ортамен таныстыру) Міндеттері:** Адамдармен қарым қатынас жасауға үйрету.	**«Қандай ойыншық?»** ойыны **Міндеттері:** балалардың назарын ойыншықтарға аудару арқылы, көңіл күйлерін көтеру. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды көңілді әуенмен қарсы алу	**«Сәлем, балақай!» Міндеттері:**Балаларды адамдармен қарым қатынас жасап әңгімелесуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту).**	«**Амансын ба, достарым!» Міндеттері:** Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту).**
Ата-аналармен әңгімелесу немесе басқа заңды өкілдермен кеңес,әңгімелесу	Ата аналарға балалардың үйде күн тәртібін қалай сақтайтындары жайлы кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын танертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	«Баланы балабақшаға бейімдеу» Ата аналарға арналған кеңес.	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар).	Топтағы заттарды бақылау барысында баланың әңгімелеуі **Міндеті :** Балаларды заттар туралы әңгімелеуге үйрету,сөздік қорын дамыту. **(сөйлеуді дамыту.)**	**«Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата» Міндеті:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру.Тез ойлау қабілетін, зейінін , белсенділігін арттыру. **(сөйлеуді дамыту.) (коршаған орта.)**	**«Жақсы - жаман» Міндеті:** Сөйлеу тіл байлығын дамыту. **(сөйлеуді дамыту.)**	**«Үшты - ұшты»** **Міндеті:**Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар. **(қоршаған орта.)**	**«Бұл нөнің ізі?» Міндеті**: Суретте аңдардың суреті беріледі қай аңның ізі болса сол аңды көрсету. **(сөйлеуді дамыту.)**
Таңертеңгі жаттығу	№ 2 Желтоқсан айына арналған жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар , қимыл белсенділігі,ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Қайсысы үлкен?»** **Міндеті:**Балаларды не үлкен не кіші анықтай білулеріне жаттықтыру **(сенсорика)**	**«Қандай көлік »** **Міндеті.** Көліктер туралы түсінік беру,көлік түрлерін атау. **(қоршаған орта)**	**Қимылды ойын:** **«Жанбыр жауды»** **Міндеті:** Қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру.Қимыл белсенділігін арттыру. .**(коршаған орта)**	**«Көкөністер»** **Міндеті:**Көкөністер туралы білімдерін арттыру.Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.**(мүсіндеу)**	**«Сенсорлық үйшік»** «Пішіндердің орнын тап» **Міндеті:** Балалардың қол моторикасын дамыту.**(сенсорика)**
	Дене шынықтыру (таза ауада)	**Музыка**		**Дене шынықтыру.**	**Дене шынықтыру**

